

15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл

Ауған соғысы-жүректегі жара

12 ақпан күні балалар кітапханасында Кеңес әскерінің Ауған же-



рінен шығарылғанына 35 жыл толуына арналған «Ауған соғысы-жүректегі жара» атты ардагерлерімен кездесу кеші өтті.

Кешке аудан соғысының ардагерлері Бек Накипов пен Әбушахман Бекетаев, Ермек Тынысбаев ағаларымыз келіп қатысты. Ауған соғысында қаза тапқан батыр ағаларамызды 1 минут үнсіздікпен еске алып, өмір мен өлім белдескен қанды шайқастың қиындығы мен жүрекке салған жарасы жайлы сөз қозғады. С.Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану музейінің әдіскері Ақерке Рымбекова ардагерлерімізге жылы лебізін білдіріп, Ауған соғысы жайлы тың деректерімен бөлісті.

Кездесу кешінде №1 мектеп лицейінің 6 сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Айдана Дулатқызы, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы Ерсұлтан Хамитұлы қатысты.

Ауданымыздағы іргелі өнер шаңырақтарының бірі С.Майғазиевтің «Smart» өнер мектебінің оқушылары жетіген аспабында ойнап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы, талантты жас өнерпаз Шұғыла Амангелді әннен шашу шашып, оқушылар ардагерлерге арнау өлендерін арнады. Әуелеткен әндер, әсерлі әңгімелер жанды тебірентіп, сонау жылдардағы отты майданмен қатар, айнымас дос таба білген ардагерлердің әңгімелері оқушылардың естерінде көпке дейін сақталары сөзсіз.

Қатысушы қонақтар мен оқушыларға Кеңес әскерлерінің майдан даласындағы ерен ерліктері жайлы бейнебаян көрсетіліп, кітапханашы Айгерім Сейілханқызы «Ауған соғысы-жүректегі жара» атты кітап көрмесіне шолу жасап, Ауған соғысы жайлы жазылған кітаптармен таныстырып, фотосуреттердің тарихын баяндады. Кеш соңында балалар кітапханасының меңгерушісі Нұргүл Бексұлтанқызы елдің көсегесін көгертуге ат салысып жүрген ардагер жауынгерлерімізге алғысын білдіріп, естелік сыйлықтар табыс етті.

АУДАНДЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ